

Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 11 тамыз N 1143. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.14. N 674 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы заңына сәйкес, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің транзитіне қажетті құжаттарды дайындаудың және рұқсат берудің тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 947 қаулысымен.

1. Экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын берудің ұсынылып отырған тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) < * >
2) < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 28 наурыздағы N 450 қаулысымен , 2002.12.10. N 1300 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 11 тамыз

N 1143 қаулысымен бекітілген

**Экспорттық бақылауға жататын өнімдерді
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге
Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын берудің тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы заңына сәйкес құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар өнімдерді қоспағанда, экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу Қазақстан

Республикасы Үкіметінің рұқсаты негізінде (бұдан әрі - Рұқсат), Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 947 қаулысымен.

2. Осы Ереже қажетті құжаттарды дайындаудың және Рұқсат берудің тәртібін айқындайды.

3. Рұқсат беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Шешімдердің жобаларын дайындауды Қазақстан Республикасы Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жұмыс органы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі (бұдан әрі - Жұмыс органы) жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.03.28. N 450 қаулысымен, 2002.10.31. N 1155 қаулысымен.

4. Осы Ережелермен белгіленген Талаптар экспорттауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге байланысты барлық заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші), шетелдіктерді қоса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Ережелерде көзделгеннен өзгеше нормалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

5. Экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өтінім берушінің тарапынан сақтандыру және басқа қаржылық кепілдіктер, не транзитті жүзеге асырған кезде болуы мүмкін авариядан келетін зиянды өтеу туралы өзге де міндеттемелер тапсырылған жағдайда рұқсат етіледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.10.16. N 1540 қаулысымен.

2. Рұқсат алу үшін қажетті өтініш пен құжаттарды берудің тәртібі

6. Өтініш Жұмыс органына өтініш беруші елінің ресми органдары арқылы беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 28 наурыздағы N 450 қаулысымен.

7. Өтінішке мыналар қоса берілуі тиіс:

- 1) өтініш беруші-ұйымының мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) Қазақстан Республикасында экспорттауға жататын өнімдерге байланысты

іс-әрекетті жүзеге асыруға құқығын өтініш берушінің ол тіркелген мемлекеттің қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес растауы;

3) сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша кодтары көрсетілген, транзиттеуге жататын өнімдердің номенклатурасы мен көлемі (табиғи және құны тұрғысында);

4) Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауға жататын өнімді беруге арналған келісім-шарттың көшірмесі;

5) мәлімделген транзиттік тасымалды жүзеге асыру кезінде болуы мүмкін аварияның салдарын жоюға төтенше оқиғалардың алдын алу және әрекет ету жүйесінің дайындығын өтініш берушінің елінің құзыретті ресми органының растауы ;

6) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізілетін әскери жүктерді, ядролық материалдар мен жабдықтарды, арнаулы ядролық емес материалдарды, ядролық әрекеттерге қатысы бар екіұдай мақсаттағы жабдықтар мен материалдарды, реактивті материалдарды, жарылғыш заттар мен уларды нақты сақтаудың жүзеге асырылуы үшін өтініш берушінің жауапкершілігін айқындайтын құжаттар ;

7) Егер жүкті алушыға тапсырып беру оған байланысы жоқ себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, осы жүкті қайта қабылдауға экспорттық бақылауға жататын өнімді жіберушінің келісімін растайтын құжаттар;

8) үшінші тұлға келтірген шығындар мен зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің қаржылық қамтамасыз етілетінін растайтын құжаттар, оның ішінде осы ережелердің 5-тармағында қарастырылған құжаттар;

9) тасымалдаудың нақты шарттарына тексеру жүргізілуіне, сондай-ақ болуы мүмкін уақытша сақтауға, қайта тасымалдауға, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының ядролық және радиоактивті қауіпсіздік жөніндегі рұқсаттарын қолданудың шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерінің бұзылғаны анықталған жағдайдағы атқарушы органдардың басқа да қажетті әрекеттеріне байланысты, сондай-ақ анықталған ауытқуларды заңнама талаптарына сәйкес келтіру қажеттігіне және/немесе жүктің экспорттаушы мемлекетке қайтып келуіне байланысты шығыстардың өтелетініне өтініш берушінің тарапынан кепілдікті растайтын құжаттар ;

10) мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісілген қозғалыстың мерзімдері мен бағыттарын, келетін және кететін шекаралық кенттерді, көліктің түрлерін растайтын құжаттар. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1155 қаулысымен .

7-1. Шет мемлекеттің мемлекеттік органы өтініш беруші болған жағдайда:

1) осы Ереженің 7-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

2) келісім-шарт (осы Ереженің 7-тармағының 4) тармақшасы) болмаған жағдайда, экспорттық бақылауға жататын өнімнің берілуі қажеттігін негіздейтін өзге де құжаттар ұсынылады.

Ескерту. Жаңа 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.16. N 1540 қаулысымен .

8. Жұмыс органының Рұқсат берудің мүмкіндігі туралы мәселені қарау үшін қажетті өзге де құжаттарды талап етуі мүмкін.

Ескерту. 8-тармақ сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 28 наурыздағы N 450 қаулысымен .

3. Рұқсат беруден бас тарту

9. Экспорттық бақылауға жататын өнімдердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін жүзеге асыруға, егер:

1) Рұқсатты ресімдеу үшін талап етілетін құжаттар түгел тапсырылмаса;

2) өтініш берушіге қатысты олар Қазақстан Республикасының алдындағы өздерінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымның шешімі бойынша Рұқсат берілмейді.

Рұқсат беруден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге бір айлық мерзімде жазбаша түрде дәлелдемелі жауап беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Рұқсат алуға қаулысының жобасын дайындаудың тәртібі

10. Жұмыс органына келіп түскен өтініш қоса берілген құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшелеріне келісуге жолданады. <*>

Сараптама жүргізу және Рұқсат берудің орындылығы туралы қорытындыны ресімдеу үшін құжаттар мынадай номенклатура бойынша тиісті мемлекеттік органдарға келісуге қосымша жолданылуы мүмкін:

жай қару-жарақ пен әскери техника, шикізат, материалдар, арнайы жабдықтар мен технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілген қызметтер - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне;

ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, жабдықтар, кондырғылар, технологиялар, иондық сәуле шығаратын көздер, екіұдай қолданылатын өнім, жабдықтар мен тиісті технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілген қызметтер - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне; таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін тізімдер, тізбелер

бойынша химиялық қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін екіұдай қолданылатын химикаттар мен технологиялар - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне және Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне;

тізімдері, тізбелері таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін бактериологиялық (биологиялық) және улы қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін ауру қоздырғыштар, олардың генетикалық жағынан өзгертілген нысандары мен генетикалық материалдардың бөлшектері - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ;

тізімдері, тізбелері таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін зымыран техникасы, двигательдер, олардың компоненттері, жабдықтары, зымыран техникасын жасау кезінде қолданылатын материалдар мен технологиялар - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ;

қарудың өзге де қауіпті түрлері - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ;

әскери мақсаттағы өнімге және екіұдай қолданылатын технологияларға байланысты ғылыми-техникалық ақпарат, көрсетілетін қызметтер мен зияткерлік қызметтің нәтижелері - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 наурыздағы N 450 қаулысымен , 2000 жылғы 7 шілдедегі N 1033 қаулысымен , 2000.10.16. N 1540 қаулысымен , 2001.01.30. N 151 қаулысымен , 2002.10.31. N 1155 қаулысымен .

11. Транзитке рұқсат берудің керектігі туралы өтінішті қараудың мерзімі мен қорытындыны ресімдеу 10 күннен аспауы тиіс және осы Ережелердің 10-тармағында көрсетілген тиісті органға жобаның келіп түскен күнінен бастап есептеледі.

12. Жұмыс органы Рұқсат беру туралы қаулының жобасын не өтініш берушіге Рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және тиісті құжатты Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қаруына енгізеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1155 қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өнімді транзиттеуге рұқсат ететін қаулысының негізінде Жұмыс органы өтініш берушіге берілетін "Транзитке рұқсатты" ресімдейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК